

VE424MC және VE436MC

ҚҰБЫРДА БҮРЛЕЙТІН РОЛИКТЕРМЕН ОЙЫҚ КЕСУ ҚҰРАЛДАРЫ



⚠ ЕСКЕРТУ



Бұл нұсқауларды және ескертулерді дұрыс орындамасаңыз, Дене жарақатын алуға, мүліктің немесе өнімнің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

- Осы бүрлейтін роликпен ойық кесу құралын қолданбас бұрын немесе оған қызмет көрсетпес бұрын, осы нұсқаулықтағы барлық нұсқауларды және құралдағы барлық ескерту жапсырмаларын оқып шығыңыз.
- Қорғаныс көзілдірігін, касканы, қорғаныс аяқ киімін және құлаққапты киіңіз.
- Осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығын сақтап қойыңыз.

Егер қандай да бір әдебиеттің көшірмелері қажет болса немесе осы құралдың қауіпсіз әрі дұрыс жұмыс істеуіне қатысты сұрақтарыңыз болса, Victaulic компаниясына хабарласыңыз. Телефоны: 1-800-PICK VIC, электрондық пошта: pickvic@victaulic.com.

ИНДЕКС

Қауіптерді анықтау	2
Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары	3
Кіріспе	4
Құралды қабылдау	4
VE424MC немесе VE436MC құралының контейнер ішіндегі компоненттері	5
Қуатқа қатысты талаптар	5
Құрал номенклатурасы	6
Құралды орнату	7
Қуат көзіне қосу	9
Дайындық тексерулер мен түзетулер	11
Ойық кесетін роликтер	11
Құбырды дайындау	11
Ойық кесу үшін қолайлы құбыр ұзындығы	12
Қысқа құбыр ұзындықтары	12
Ұзын құбыр ұзындықтары	13
Цилиндр жылдамдығын реттеу	15
Құбыр тұрақтандырғышын реттеу	16
Ұсталымды басқару мүмкіндігін реттеу	17
Уақыт ауқымы	17
Құбыр өлшемі	18
Ойық диаметрі тежеуішінің реттеулері	19
Ойық кесу операциясы	20
Роликті құбыр тірегімен тірелетін құбырда ойық кесу	21
Қысқа құбырларда ойық кесу	24
Бүрлейтін роликті ауыстыру	26
Қолданыстағы роликтер жинағын алып тастау	27
Роликтер жинағын орнату	30
Жоғарғы білік туралы ақпарат	30
14–24 дюймдік құбырда ойық кесу үшін VE424MC немесе VE436MC үлгісін Advanced Groove System (AGS) жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша түрлендіруге арналған нұсқаулар	35
26–36 дюймдік құбырда ойық кесу үшін VE424MC үлгісін OriginalGroove System жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша түрлендіруге арналған нұсқаулар	35
Өзгертіп жабдықтау жинақтарының құрамы	36
Advanced Groove System (AGS) жүйесінің 14–24 дюймдік құбырында ойық кесу жинағының құрамы	36
26–36 дюймдік болат құбырда Original Groove System жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесу жинағының құрамы	36

Advanced Groove System (AGS) жүйесінің 14–24 дюймдік құбырында ойық кесу мүмкіндіктерін қосуға арналған жапсырмаларды ауыстыру	37
Құбыр өлшемінің көрсеткіші туралы жапсырма	37
Ойық диаметрінің сипаттамасы туралы жапсырма	38
14–24 дюймдік құбырда Advanced Groove System (AGS) жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша немесе 26–36 дюймдік құбырда Original Groove System жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесу үшін VE424MC Original Groove System жүйесінің бөліктерін алып тастау	38
14–24 дюймдік құбырда Advanced Groove System (AGS) жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша немесе 26–36 дюймдік құбырда Original Groove System жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесу үшін жинақ компоненттерін VE424MC үлгісіне орнату	41
Құрал биіктігін реттеу және тұрақтандырғышты қайта орналастыру (26–36 дюймдік құбырда ойық кесу үшін қажет)	42
Техникалық қызмет көрсету	45
Майлау	45
Тегершік редукторының майын тексеру және құю	46
Гидравликалық майды тексеру және құю	46
Гидравликалық майды және сүзгіні ауыстыру	47
Ауа шығару	49
Ұсынылатын майлағыштар	51
Мойынтірек және сырғақ майлағышы	51
Тісті беріліс майы	51
Гидравликалық май	51
Сымдар жүйесі	52
Бөлшектерге тапсырыс беру туралы ақпарат	52
Керек-жарақтар	53
VAPS 112 Victaulic Adjustable реттелетін құбыр кронштейні	53
VAPS 224 Victaulic реттелетін құбыр кронштейні	53
VAPS 3036 Victaulic реттелетін құбыр кронштейні	53
Қосымша роликтер	53
Ақаулықтарды жою	54
VE424MC құралының класы және роликті таңдау	56
Болат құбырға және тот баспайтын болаттан жасалған Schedule 40 құбырына арналған Original Groove System және «ES» роликтері — түсті таңбаламасы қара түсті	56

Алюминий және ПВХ-дан жасалған пластик құбырға арналған Original Groove System жүйесінің роликтері — түсті таңбаламасы сары мырыш 57

Тот баспайтын болаттан жасалған Schedule 5S және 10S құбырына арналған Original Groove System жүйесінің RX роликтері – түсті таңбаламасы күміс түстес 58

Салмағы стандартты болат құбырда AGS техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған RW роликтері — түсті таңбаламасы сарғылт таспасы бар қара түсті 59

Тот баспайтын болаттан жасалған Schedule 5S және 10S құбырында AGS техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған RWX роликтері — түсті таңбаламасы қара таспасы бар күміс түстес 59

VE436MC құралының класы және роликті таңдау 60

Болат құбырға және тот баспайтын болаттан жасалған Schedule 40 құбырына арналған Original Groove System жүйесінің роликтері — түсті таңбаламасы қара түсті 60

Алюминий және ПВХ-дан жасалған пластик құбырға арналған Original Groove System жүйесінің роликтері — түсті таңбаламасы сары мырыш 61

Тот баспайтын болаттан жасалған Schedule 5S және 10S құбырына арналған Original Groove System жүйесінің RX роликтері — түсті таңбаламасы күміс түстес 62

Салмағы стандартты болат құбырда AGS техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған RW роликтері — түсті таңбаламасы сарғылт таспасы бар қара түсті 63

Тот баспайтын болаттан жасалған Schedule 5S және 10S құбырында AGS техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған RWX роликтері — түсті таңбаламасы қара таспасы бар күміс түстес 63

Басып салынатын ойықтың шекті өлшемдерінің түсіндірмесі 64

Бүрлейтін роликпен ойық кесу сипаттамалары 65

Болаттан, тот баспайтын болаттан, алюминийден және ПВХ-дан жасалған құбырға арналған Original System жүйесінің ойықтары 65

Болат құбыры және «ES» роликтері арқылы ойық кесілген барлық материалдар 67

Көміртектегі болат құбырына арналған Advanced Groove System (AGS) жүйесінің роликпен ойық кесу сипаттамалары 68

Тот баспайтын болаттан жасалған құбырға арналған Advanced Groove System (AGS) жүйесінің роликпен ойық кесу сипаттамалары 69

ҚАУІПТЕРДІ АНЫҚТАУ

Түрлі қауіп деңгейлерін анықтауға арналған анықтамалар төмендегі жерде берілген.



Бұл қауіпсіздікті ескерту таңбасы маңызды қауіпсіздік хабарларын көрсетеді. Осы таңбаны көріп тұрсаңыз, дене жарақатын алып қалу қаупі бар екенін білдіреді. Көрсетілген хабарды мұқият оқып шығып, толық түсінуге тырысыңыз.

ҚАУІПТІ

- «ҚАУІПТІ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жазатайым жағдайға немесе ауыр жарақат алып қалуға тікелей әкеп соқтыру қаупінің бар екендігін білдіреді.

ЕСКЕРТУ

- «ЕСКЕРТУ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жазатайым жағдайға немесе жарақат алып қалуға әкеп соқтыруы мүмкін қауіптердің немесе қауіпті тәжірибелердің бар екендігін білдіреді.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- «САҚ БОЛЫҢЫЗ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жарақат алып қалуға немесе мүлктің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін қауіптердің немесе қауіпті тәжірибелердің бар екендігін білдіреді.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- «НАЗАР САЛЫҢЫЗ» сөзінің қолданылуы маңызды болып табылатын, бірақ қауіптерге қатысы жоқ арнайы нұсқауларды қарау керектігін білдіреді.

ОПЕРАТОРҒА АРНАЛҒАН ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

VE424MC және VE436MC құралдары бүрлейтін роликтер арқылы құбырда ойық кесу үшін ғана жасалған. Осы құралдарды пайдалану үшін ептілік, механикалық біліктіліктер және техникалық қауіпсіздік әдеттерін сақтау талап етіледі. Бұл құралдар қауіпсіз, сенімді операция үшін жасалғанымен, төтенше жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін себептердің барлығын болжап білу мүмкін емес. Төменде берілген нұсқаулар осы құралдардың қауіпсіз жұмыс істеуі үшін ұсынылған. Операторға әр қолданыс алдында, сондай-ақ, орнату және техникалық қызмет көрсету процедурасы кезінде «алдымен құрал қауіпсіздігіне» тәжірибе жасауға кеңес беріледі. Барлық операторлардың осы нұсқаулықты оқып, осы құралдардың қалай жұмыс істейтінін толық түсінуді қамтамасыз ету осы құралдарды жалға берушінің, иесінің немесе пайдаланушы маманның жауапкершілігіне кіреді.

Осы құралдарды пайдаланбас бұрын немесе оны жөндемес бұрын, осы нұсқаулықты оқып шығыңыз. Құралдың операцияларымен, оны қолдану әдістерімен және ондағы шектеулермен танысып шығыңыз. Оның нақты қауіп-қатерлері туралы біліп алыңыз. Бұл нұсқаулықты кез келген уақытта қол жеткізуге болатын таза жерде сақтаңыз. Бұл нұсқаулықтың қосымша көшірмелері Victaulic Tool Company компаниясына сұрау жолдау арқылы алуға болады.

- 1. Бұл құралдар ТЕК қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген бүрлейтін роликтермен ойық салынатын құбыр өлшемдері, материалдары және қабырғаларының қалыңдығы үшін жасалған.**
- 2. Құралды қауіпті орталарда пайдалануға жол бермеңіз.** Құралды жаңбыр астында қалдырмаңыз немесе аспапты дымқыл немесе сулы жерлерде пайдаланбаңыз. Құралды еңіс немесе тегіс емес жерлерде пайдаланбаңыз. Жұмыс аймағы жарық болуы тиіс. Құралды дұрыс пайдалану үшін, оған жеткілікті бос кеңістік бөліңіз.
- 3. Операторды электр тогының соғуынан қорғау үшін құралды жерге тұйықтаңыз.** Құрал компоненттері құралдың жақтауына жерлендіріледі. Жақтаудың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- 4. Арқа немесе омыртқаңызды зақымдап алмаңыз.** Құралды орнату барысында бір адам құбыр тұрақтандырғышы жинағының салмағына байланысты оны қауіпсіз түрде көтере алмайды. Тұрақтандырғыш жинағын қауіпсіз түрде көтеру және ұстау үшін екі адам қажет. Басқа жолы тұрақтандырғыш

жинағын орнына көтеру үшін көтергішті қолдану болып табылады.

- 5. Жабдықты тексеріңіз.** Құралды пайдаланбас бұрын, оның барлық қозғалмалы бөлшектерінде кедергі келтіретін заттардың жоқтығын тексеріңіз. Қоршаулар мен құрал компоненттерін дұрыс орнатылып, реттелген тексеріңіз.
- 6. Құралдың кенеттен іске қосылып кетуіне жол бермеңіз.** Құрал пайдаланылмаған кезде, құралдың бүйіріндегі ауыстырып-қосқышты «ӨШІРУЛІ» күйіне орнатыңыз.
- 7. Тиісті киімдерді киіңіз.** Бос киім, керек-жарақтар немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені кімеңіз.
- 8. Құралдармен жұмыс істеген кезде, үнемі қорғаныс киімдерін киіңіз.** Қорғаныс көзілдірігін, қасқаны, қорғаныс аяқ киімі мен құлаққапты киіңіз.
- 9. Сақ болыңыз.** Дәрі-дәрмек қабылдағаннан ұйқы қысып тұрса немесе шаршап тұрсаңыз, құралды пайдаланбаңыз. Жабдық айналасында алысып ойнамаңыз.
- 10. Жұмыс аймағында ешкімнің болмауын қадағалаңыз.** Жай қарап тұратын адамдар барлық кезде жабдықтан алыс жерде тұруы тиіс.
- 11. Жұмыс аймақтары үнемі таза болуы керек.** Құралмен жұмыс істейтін аймақ маңы оператордың қозғалуын шектеуі мүмкін кедергілерден таза болуы тиіс. Кез келген май немесе төгілген сұйықтықтарды сүртіп тастаңыз.
- 12. Жұмыс аймағының, құралдың және аксессуарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз.** Құралдың тұрақты күйде екеніне көз жеткізіңіз. 7-беттегі «Құралды реттеп орнату» бөлімін қараңыз.
- 13. Құрал жұмысына қолдау көрсетіңіз.** Еденге немесе жерге бекітілген құбыр кронштейнімен ұзын құбырларды тіреңіз.
- 14. Құралды аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышымен ғана пайдаланыңыз.** Құат жетегі оператор оңай қолдана алатын жерде орналасқан, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышымен басқарылуы тиіс. Қозғалып тұрған бөліктерге ешқашан тиіспеңіз. Құрал аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышымен жабдықталмаған жағдайда, Victaulic Tool Company компаниясына хабарласыңыз.
- 15. Ойық кесу кезінде қолыңызды және құралдарды роликтерден және стабилизатор доңғалағынан алыс ұстаңыз.** Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

16. **Құрал жұмыс істеп тұрған кезде, құбыр шеттерінің ішіне қолыңызды салмаңыз.** Құбыр шеттері өткір болуы мүмкін және қолғаптарды, қолыңызды және киіміңіздің жеңдерін тіліп кетуі мүмкін. Құбыр мен төменгі ролик арасында саусағыңыз бен қолыңыз жаншылып қалуы мүмкін.
17. **Шамадан тыс әрекет етпеңіз.** Әрдайым тұрақты және тепе-теңдік сақтайтын күйде болыңыз. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын оператор ешбір кедергісіз пайдалана алатынына көз жеткізіңіз.
18. **Құралға артық күш түсірмеңіз.** Құрал мүмкіндіктерінен басқа қандай да бір функцияларды орындау үшін, құралға немесе оның аксессуарларына күш түсірмеңіз. Құралды шамадан тыс жүктемеңіз.
19. **Құралды осы нұсқаулықта көрсетілгендерден асатын цилиндр жылдамдықтарында пайдаланбаңыз.**
20. **Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышы сымын дұрыс пайдаланыңыз.** Сымды жылу, май және өткір заттардан алшақ ұстаңыз.
21. **Құралға қызмет көрсетер алдында, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.** Құралға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек уәкілетті маман ғана орындауы тиіс. Құралға қызмет көрсетер алдында немесе оны реттемес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.
22. **Құралдарға мұқият күтім жасаңыз.** Құралдардың дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін, құралды барлық уақытта таза ұстаңыз. Құрал компоненттерін майлауға арналған нұсқауларды орындаңыз.
23. **Тек Victaulic компаниясы шығарған қосалқы бөлшектер мен аксессуарларды пайдаланыңыз.** Басқа бөлшектерді пайдалану берілген кепілдіктің бұзылуына, құралдың дұрыс жұмыс істеуіне және қауіпті жағдайлардың орын алуына алып келуі мүмкін. 52-беттегі «Бөлшектерге тапсырыс беру туралы ақпарат» бөлімін және 53-беттегі «Керек-жарақтар» бөлімін қараңыз.
24. **Құрал жапсырмаларын алып тастамаңыз.** Зақымдалған немесе тозған жапсырмаларды ауыстырыңыз.

КІРІСПЕ

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Осы нұсқаулықтағы сызбалар және/немесе суреттер анықтық үшін үлкейтіліп берілген.
- Құралда және осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында сауда белгілер, авторлық құқықтар және/немесе патенттелген компоненттер берілген және олардың барлығы тек Victaulic компаниясының меншігі болып табылады.

VE424MC және VE436MC роликпен ойық кесу құралдары ойық кесілген Victaulic өнімдерін алу үшін құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесуге арналған толығымен моторлы, жартылай автоматтандырылған, гидравликалық беріс құралдары болып табылады. Стандартты VE424MC және VE436MC құралдары 4–24 дюймді көміртеккі болат құбырына арналған ойық кесу роликтерімен бірге беріледі. VE424MC роликтері өлшемі мен бөлшек нөмірі бойынша белгіленеді және құбыр материалын анықтау үшін түстермен кодталады. Техникалық сипаттамалары мен материалдары басқа құбырларға бүрлейтін роликпен ойық кесу туралы ақпарат алу үшін, қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз. Техникалық сипаттамалары, өлшемдері мен материалдары басқа құбырларға арналған ойық кесу құралдары бөлек сатып алынуы тиіс.

САҚ БОЛЫҢЫЗ


- Бұл құралдарды осы нұсқаулықтың қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін ҒАНА қолдану керек.
- Осы нұсқау тиісінше орындалмаса, құралдың шамадан тыс жүктелуіне, оның қызмет көрсету мерзімінің азаюына және/немесе құралдың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

ҚҰРАЛДЫ ҚАБЫЛДАУ

VE424MC және VE436MC құралдары паллеттерге жеке салынады және жалдау шарты аяқталғаннан кейін, қолданылатын болса, құралды Victaulic компаниясына қайта жөнелту үшін пайдалануға арналған ағаш немесе картон қалыппен жабылады. Тұрақтандырғыш жинағы мен қосымша ролик жинақтары бөлек контейнерлерде жөнелтіледі.

Құралды алған кезде, барлық қажетті бөлшектерінің бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір бөлшектері жоқ болса, Victaulic Tool Company компаниясына хабарласыңыз.

VE424MC НЕМЕСЕ VE436MC ҚҰРАЛЫНЫҢ КОНТЕЙНЕР ІШІНДЕГІ КОМПОНЕНТТЕРІ



ҮЛКЕН КОНТЕЙНЕР ІШІНДЕГІ КОМПОНЕНТТЕР

Саны	Сипаттамасы
1	VE424MC немесе VE436MC бүрлейтін роликтермен құбырда ойық кесу құралы
1	Құралға бекітілетін 8–12 дюймдік роликтер (егер басқаша болмаса)
2	VE424MC/VE436MC құралының пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығы (сақтауға арналған бөлімнің есігіндегі қалтада орналасқан)
1	VE424MC немесе VE436MC құралының қосалқы бөлшектерінің тізімі (сақтауға арналған бөлімнің есігіндегі қалтада орналасқан)
1	Тұрақтандырғыш бекітікіштері (тұрақтандырғыштың орнату саңылауларына бос бекітілген)
1	Құбыр диаметрінің таспасы
1	Гидравликалық жүйедегі айдау құбыры
1	Алмалы-салмалы желілік сымы бар аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышы
1	Бүрлейтін роликтерді ауыстыруға арналған 3/16 дюймдік әмбебап гайка кілті

КІШКЕНТАЙ КОНТЕЙНЕР ІШІНДЕГІ КОМПОНЕНТТЕР

Саны	Сипаттамасы
1	Тұрақтандырғыш жинағы
1	Болат құбырына арналған 4–6 және 14–24 дюймдік AGS роликтер жинағы

ҚҰАТҚА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

⚠ **ҚАУІПТІ**

ТЕК БІЛІКТІ ЭЛЕКТРШІ МАМАҢДАР ҒАНА ҚҰРАЛҒА КІРІС ҚҰАТЫН ЖАЛҒАУЫ ТИІС.

- Электр тогына түсіп қалу қауіпін азайту үшін, электр көзінің жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- Құралға қандай да бір түзетулер жасамас бұрын немесе техникалық қызмет көрсетпес бұрын, әрдайым құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

VE424MC және VE436MC құралы 220/440 Вт, 3-фазалы, 60 Гц қуатпен жұмыс істейді. Егер тапсырыста өзгеше көрсетілмесе, құралдар 220 Вт жұмыс үшін электр сымдарының жиынтығымен бірге жеткізіледі. VE424MC немесе VE436MC құралын 440 Вт, 60 Гц шамасында қызмет көрсету мақсатында сымдар жүйесін ауыстыру үшін, төмендегі түрлендірулерді орындау керек. VE424MC немесе VE436MC құралының қосалқы бөлшектер тізіміндегі электр сызбаны және құралдың жетекті моторы мен гидравликалық сорғы моторындағы ақпараттық тақтайшадағы ақпаратты қараңыз.

440 ВТ, 60 ГЦ ШАМАСЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТҮРЛЕНДІРУЛЕРІ МЫНАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:

1. Мотор қосылымдары
 2. Сақтандырғыш өзгертулері
 3. Термиялық қорғау құралының өзгертулері
 4. Трансформатор қосылыстары
- 220 вольтты кернеумен жұмыс істеу үшін қажетті тізбектің қорғауы 20 амперді құрайды. 440 вольтты кернеумен жұмыс істеу үшін 15 амперлік тізбек қорғауы қажет. VE424MC және VE436MC құралдарының барлық компоненттері құралдың жақтауына жерлендіріледі. Жақтаудың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.


Басқа кернеулер мен жиіліктер үшін Victaulic Tool Company компаниясына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Белгілі кернеулермен жұмыс (мысалы, 380/400 Вт, 3 фазалық, 50/60 Гц шамасында қызмет көрсету) түрлі қозғалтқыштарды және басқа электр бөлшектерін қажет етеді. Құралды балама кернеумен пайдалану туралы ақпарат алу үшін Victaulic Tool Company компаниясына хабарласыңыз.

ҚҰРАЛ НОМЕНКЛАТУРАСЫ

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Осы нұсқаулықтағы сызбалар және/немесе суреттер анықтық үшін үлкейтіліп берілген.
- Құралда және осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында сауда белгілер, авторлық құқықтар және/немесе патенттелген компоненттер берілген және олардың барлығы тек VICTAULIC компаниясының меншігі болып табылады.
- VE424MC ҚҰРАЛЫ ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН. ДЕГЕНМЕН, КОМПОНЕНТТЕРІ VE436MC ҚҰРАЛЫНА ҰҚСАС.



1

⚠ ЕСКЕРТУ

Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе аяқ кетуі мүмкін.

- Қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және тұрақтандырғыш доңғалағынан алыста ұстаңыз.
- Жұмыс кезінде құбырдың шетіне немесе құбырдан не құбырдың ішіне қолыңызды салмаңыз.

• Құбырда ешқандай ұсынғылан өлшемімен қосқа ойықты қолымен кеспеніз.

• Құралмен жұмыс істегенде, ешқандай бос кийім, кең қолғапты киіші немесе зергерлік бұйымдарды тартушы болмаңыз.

0395.2

3

⚠ ҚАУІПТІ

Бұл есікті тек білікті мамандар ашуы тиіс. Оның ішіндегі қауіпті көрнеу ауыр жаралатқ алуга немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Қызмет көрсету алдында ӘРҚАШАН қуатын өшіріңіз.

0305.1

2

⚠ ЕСКЕРТУ

Нұсқаулар мен ескертулерді адрис орындамаңыз. Әйір-қарқатпаны сақлауға және сақтауға мұқият.

- Бұл құралды сәлдеті, пайдалану немесе сызмет көрсету алдында пайдалану нұсқауларын және осы құралдың барлық ескерту жазбаларынан оқиды шығып, түсініте тырыстырыңыз.
- Әрқашан қорғаныс көзіңізден және қорғаныс аяқ киіміңіз келтіріңіз.

Осы құралды қолданып пайдалану туралы орақтарыңыз болса, Мобильді: 708 1010101 немесе электронды хабарлаушымыз: Пашта 31, Бөлім, РМ 1804440293, 610-559-3300.

0395.3

4

⚠ ҚАУІПТІ

Осы қалпақтың ішіндегі қауіпті көрнеу ауыр жаралатқ алуга немесе жазатайым жағдайға себеп болуы мүмкін.

- Осы қалпақты тек білікті маман ғана алуы тиіс.
- Қызмет көрсету алдында ӘРҚАШАН қуатын өшіріңіз.

0306. Rev. 0 - 0011 80954242.RU

ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ

⚠ ЕСКЕРТУ

- Нұсқау берілгенге дейін, құралдың негізгі қуат көзін қосуға **БОЛМАЙДЫ**.


Құрал абайсызда қосылатын болса, бұл ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құрал тегістелуі және бетон еденге немесе негізге бекітілуі **КЕРЕК**.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына, құралдың зақымдалуына және/немесе құралдың дұрыс істемеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

1. Қаптамадан барлық компоненттерді шығарып алып, барлық қажетті заттардың барын тексеріңіз. 4-беттегі «Құралды қабылдау» бөлімін қараңыз.



2. VE424MC және VE436MC құралдары белгіленген жерде қолдануға арналған және тегіс бетон еденге немесе негізге орналастырылуы керек. Қолайлы орын таңдалғаннан кейін, құрал түзу әрі сенімді бекітілуі керек (осы беттегі 1-суретті қараңыз). Деңгейлі емес құрал ойық кесу жұмысына қатты әсер етуі мүмкін. Құралдың деңгейін тексергенде, деңгейді жоғарыда көрсетілгендей құралдың жақтауына орналастырыңыз.

3. Төменде берілген факторларды ескере отырып, құралға және құбыр кронштейніне арналған орынды таңдаңыз:


- 3a. Қажетті қуат көзі (5-беттегі «Қуатқа қатысты талаптар» бөлімін қараңыз)

- 3b. Қоршаған орта температурасының талаптары — 20 °F–104 °F/21 °C–26 °C

- 3c. Құралға және құбыр кронштейніне арналған тегіс бетон еден немесе негіз


- 3d. Құбыр ұзындықтарын өңдеуге жеткілікті бос кеңістік

- 3e. Түзету және техникалық қызмет көрсетуге арналған құрал және тұрақтандырғыш айналасындағы жеткілікті өлшемдегі саңылау (осы беттегі 1-суретті немесе 2-суретті қараңыз)



Алдыңғы жақ көрінісі Бүйір жақ көрінісі

1-СУРЕТ — VE424MC ЖӘНЕ VE436MC ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ ҮЛГІСІ




Алдыңғы жақ көрінісі Бүйір жақ көрінісі

2-СУРЕТ — 26–36 ДЮЙМДІК ЖИНАҚ ҚҰРАЛЫН ОРНАТУ ҮЛГІСІ БАР VE436MC ЖӘНЕ VE424MC ҚҰРАЛЫ

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралды орнату барысында тұрақтандырғыш жинағының салмағына байланысты, оны қауіпсіз түрде көтеру үшін екі адам қажет.
- Басқа жолы тұрақтандырғыш жинағын орнына көтеру үшін көтергішті қолдану болып табылады.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



4. Құралдың алдыңғы және оң жағынан алты, ½ дюймдік тұрақтандырғыш бұрандаларын және тоқтатқыш тығырықтарын алыңыз. Тұрақтандырғыш жинағын ондағы орнату саңылаулары құралдағы орнату саңылауларына сай болатындай етіп құралдың алдыңғы, оң жақ бұрышына орналастырыңыз. Құралдан бұрын алынып тасталған алты, ½ дюймдік тұрақтандырғыш бұрандаларын және тоқтатқыш тығырықтарын қолданып, тұрақтандырғыш жинағын құралға бекітіңіз. **ЕСКЕРТПЕ.** Құралдың жақтауы бұрандалардың ұштарында ешқандай гайка қажет болмайтындай етіп жасалған. Барлық тұрақтандырғыш бұрандаларын толығымен қатайтыңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- VE424MC және VE436MC құралдары алмалы-салмалы аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымымен жабдықталған. Ашаны розеткаға дұрыс салу үшін төмендегі фотосуреттерді қараңыз.
- Құрал пайдаланылмаған кезде, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын шкафта сақтау үшін оңай шығарып алуға болады.



5. Штепсельді жалғастырғыш тетік тығынының сұққыларын/ілмегін розеткамен туралау арқылы аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын орнатыңыз.



6. Тығындағы бекіткіш сақинаны бекітіңіз.

ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСУ

⚠ ҚАУІПТІ



• **ТЕК БІЛІКТІ ЭЛЕКТРШІ МАМАНДАР ҒАНА ҚҰРАЛҒА КІРІС ҚУАТЫН ЖАЛҒАУЫ ТИІС.**

• **Құрал жерге дұрыс тұйықталуы керек.**


Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

VE424MC және VE436MC құралдары кіріс қуатын сымдар жүйесімен қосу үшін құбырда $\frac{3}{4}$ дюймді номиналды саңылаумен жабдықталған. Құбыр саңылауы құралдың артқы жағында негізгі электр шкафының жанында орналасқан. Кіріс электр қосылыстары негізгі электр шкафының ішінде жасалуы керек. Үш фазалы кіріс қуаты шкафтың жоғарғы оң жақ бөлігіндегі басты автоматты ажыратқыштың жоғарғы жағында жалғануы керек.


1. Жерге тұйықтау қосылымын негізгі электр шкафының ішіне жерлендіріңіз.
2. Құралдың автоматты ажыратқышына 3 фазалы электр қосылымдарын орнатыңыз.
3. Қуат дұрыс қосылғаннан кейін, құрал айналу бағыты бойынша тексерілуі керек.



4. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз.



5. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).



6. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басып, 1-2 секунд ұстап тұрыңыз. Түймені ұзағырақ ұСТАМАҢЫЗ, себебі бұл сорғыны зақымдауы мүмкін. Төменгі роликтің айналу бағытын бақылап, «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін босатыңыз.

7. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз.

8. Төменгі роликтің дұрыс айналу бағыты — САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН. Егер сағат тілі бағытымен айналса, қуат көзіне қосылды. 11-беттен басталатын «Дайындық тексерулер мен түзетулер» бөліміне өтіңіз.



9. Егер төменгі ролик сағат тіліне қарсы бағытта айналса, құралдың бүйіріндегі қуат қосқышын «ӨШІРУЛІ» күйіне орнатып, мына қадамдарды орындаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



9а. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.). Кенеттен іске қосылып кетуін болдырмау үшін, ауыстырып-қосқышты «OFF» (ӨШІРУЛІ) күйіне бұрап құлыптаңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Victaulic компаниясы осы құлыптау механизмін қамтамасыз етпейді.



9б. Негізгі корпусты ашыңыз. Басты автоматты ажыратқыштың жоғарғы бөлігіндегі кіріс екі желінің кез келгенін реттеңіз (шкафтың жоғарғы оң жақ бөлігінде орналасқан).



9с. Негізгі корпусты жабыңыз.

9д. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).

9е. Айналу бағытын тексеру үшін 4 және 8-қадамдарды орындаңыз. Айналдыру бағыты сағат тілі бағытында болмаса, Victaulic Tool Company компаниясына хабарласыңыз.

ДАЙЫНДЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР МЕН ТҮЗЕТУЛЕР

Жөнелту алдында Victaulic компаниясының әрбір бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы тексеріледі, реттеледі және сынақтан өтеді. Дегенмен, құралды пайдаланудан бұрын құралдың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін келесі тексерулер мен түзетулер жасалуы керек.



ЕСКЕРТУ

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

ОЙЫҚ КЕСЕТІН РОЛИКТЕР

Құралдың/құбыр желілерінің өлшемі мен ойық кесілетін материал үшін құралға дұрыс роликтер жинағының орнатылғанына көз жеткізіңіз. Роликтер жинағы құбыр өлшемі мен бөлшек нөмірі бойынша белгіленеді және құбыр материалы үшін түстермен кодталады. Қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз. Егер құралға тиісті бүрлейтін роликтер орнатылмаған болса, 26-беттегі «Бүрлейтін роликті ауыстыру» бөлімін қараңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Роликті тоқтатқыш бұранда және бекіту бұрандаларының берік екеніне көз жеткізіңіз.

Бос тоқтатқыш бұрандалар мен бекіту бұрандалары құралды және бүрлейтін роликтерді зақымдауы мүмкін.

ҚҰБЫРДЫ ДАЙЫНДАУ

Құралды дұрыс пайдалану және Victaulic сипаттамалары шеңберіндегі ойықтарды өндіру үшін келесі нұсқаулықтарды сақтау керек.

1. Victaulic компаниясы ұшына ойық салынған құбыр өнімдері үшін тік бұрышпен кесілген құбырды ұсынады. Шаршы кескіш құбыр Victaulic FlushSea® және EndSeal® төсемдерімен бірге пайдаланылуы мүмкін. Қабырға қалыңдығы стандартты қабырға (ANSI B36.10) қалыңдығына сай немесе одан аз және қиғаштығы ANSI B16.25 (37 ½°) немесе ASTM A-53 (30°) сәйкес болған жағдайда, ұшы конусты құбыр Victaulic стандарты және Vic-Flange® төсемдерімен бірге пайдаланылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ. Ұшы конусты құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу 14–24 дюймдік өлшемдердің Victaulic Advanced Groove System (AGS) стандарты немесе FlushSeal төсемдері, соның ішінде AGS Vic-Flange ернемектерімен бірге сәйкес келуіне әкелуі мүмкін. жарамсыз құбыр саңылауы Конусты болат құбыры

2. 14–24 дюймдік құбырда AGS жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесу үшін, көтерілген ішкі немесе сыртқы пісірілген жіктер және қыртыстар ажарланып, құбыр ұшынан артқа қарай 4 дюйм/100 мм қашықтықта құбыр бетіне беттелуі керек. Құбыр өлшемдері 24 дюймге дейінгі құбырда стандартты ойық кесу үшін, көтерілген ішкі немесе сыртқы пісірілген жіктер және қыртыстар ажарланып, құбыр ұшынан артқа қарай 2 дюйм/50 мм қашықтықта құбыр бетіне беттелуі керек. 26–36 дюймдік құбыр өлшемдері үшін, көтерілген ішкі немесе сыртқы пісірілген жіктер және қыртыстар ажарланып, құбыр ұшынан артқа қарай 4 дюйм/100 мм қашықтықта құбыр бетіне беттелуі керек.

3. Құбыр шетінің ішкі және сыртқы жағындағы барлық қатқыл шөгінділер, балшықтар және басқа да бөгде материалдар алынып, тазалануы тиіс.



САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Ойық кесетін роликтің қызмет ету мерзімін барынша ұзарту үшін, құбыр шетінің ішкі және сыртқы беттеріндегі бөгде материалдар және қабыршақтанған тот алынып, тазалануы тиіс. Тот — бұл ойық кесетін роликтердің сыртқы бетін тоздыратын абразивті материал.

Бөгде материал ойық кесетін роликтерге кедергі келтіруі немесе зақымдауы мүмкін, соның салдарынан бұрмаланған ойықтар және Victaulic компаниясының техникалық сипаттамаларына сай келмейтін ойықтар кесілуі мүмкін.

ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ҚҰБЫР ҰЗЫНДЫҚТАРЫ

VE424MC және VE436MC құралдары қысқа құбырда құбыр кронштейнін пайдаланбай-ақ ойық кесе алады. Осы беттегі «Қысқа құбыр ұзындықтары» бөлімін қараңыз.

14-беттегі 1-кестеде көрсетілгеннен ұзындау (және 20 футқа/6 метрге дейінгі) құбырлар құбыр кронштейнімен тірелуі керек.

Ұзындығы 20 футтан/6 метрден екі еселі шартты ұзындыққа (шамамен 40 фут/12 метр) дейінгі құбыр екі құбыр кронштейнімен тірелуі керек.

ҚЫСҚА ҚҰБЫР ҰЗЫНДЫҚТАРЫ

⚠ ЕСКЕРТУ



Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- Осы нұсқаулықта берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.

1-кестеде құбыр кронштейнін пайдаланбай ойық кесуге болатын минималды және максималды құбыр ұзындықтары көрсетілген. Қысқа құбырда ойық кесу жолы туралы нұсқаулар алу үшін, 21-беттен басталатын «Ойық кесу операциясы» бөлімін қараңыз. Ұзындығы 1-кестеде көрсетілген шамалардан ұзындау құбыр үшін 13-беттегі «Ұзын құбыр ұзындықтары» бөлімін қараңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- 1-кестеде көрсетілгендерден қысқа, ойық кесілген құбыр келтеқосқыштарын Victaulic компаниясынан алуға болады.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Кеңейтілген қадағалау роликтері (КҚР)
- Патенттелген кеңейтілген қадағалау роликтері (КҚР) 1-кестеде көрсетілген қысқа құбырларда қолдарды пайдаланбай ойық кесуге мүмкіндік береді.
- Төмендегі фотосуреттер КҚР және төменгі роликтің алдыңғы түрінің арасындағы сыртқы көріністегі айырмашылықтарды көрсетеді. КҚР роликтерінің жұмыс беттерінде екі тар ойық бар, ал алдыңғы төменгі роликтерде жоқ.



КҚР ролигі

Түпнұсқалы (Pre-ETR) ролик

- Қысқа құбырларда бүрлейтін роликтермен ойық кескен кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Төменгі роликтің алдыңғы түрін пайдаланғанда, қысқа құбырларда ойық кескен кезде, құбырды қолмен басқару талап етіледі. КҚР ролигі ойықты қолды пайдаланбай-ақ кесуге мүмкіндік береді.
- КҚР роликтері тек төменгі роликке әсер етеді. Барлық жоғарғы роликтер КҚР ролигімен сыйысымды.

ҰЗЫН ҚҰБЫР ҰЗЫНДЫҚТАРЫ

Ұзындығы 1-кестеде көрсетілген максималды шектен асатын құбырда бүрлейтін роликтермен ойық салғанда, роликті құбыр кронштейнін пайдалану керек. Роликті құбыр кронштейнін құбырға еркін айналуына мүмкіндік бере отырып, құбыр салмағын көтере алуы керек.

1. Құралдың түзу тұрғанына көз жеткізіңіз. Теңестіру талаптары үшін 7-беттегі «Құралды орнату» бөлімін қараңыз.
2. Құбыр саңылауы шамадан тыс болса, оңнан солға қарай қадағалауды барынша азайту керек. Қадағаланатын нысанның бұрыштық күйі үшін $1/2^\circ$ шамасынан кем градуусты пайдалану қажет болуы мүмкін.




САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Муфталарды рұқсат етілген максималды саңылаудан асатын құбырға орнатуға **БОЛМАЙДЫ**.
Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, муфта корпустарының беткі қабатын жабуға кедергі келтіруі және/немесе төсемнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

3. Құрал көлденең күйде дұрыс реттелген болса, бірақ құбырдың ұшы ойық кесілетін ұшынан жоғары болса, құбыр қадағаланбауы мүмкін. Сонымен қатар, құбыр ұшындағы саңылау шамадан тыс болуы мүмкін. Құралды орнату және құбырды орналастыруға қатысты талаптарды 7-беттен және сол беттегі 3-ші және 4-ші суреттерден басталатын «Құралды орнату» бөлімінен қараңыз.


НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- 3-суретте 2–24 дюймдік құбыр үшін жарамды Victaulic компаниясының реттелетін құбыр кронштейні (VAPS 224) көрсетіледі.
 - Сонымен қатар, Victaulic компаниясы $3/4$ –12 дюймдік құбыр үшін жарамды VAPS 112 үлгісін және 26–36 дюймдік құбыр үшін жарамды VAPS 3036 үлгісін ұсынады.
 - Құбыр тіректері туралы қосымша ақпарат алу үшін, құбыр тірегімен берілген нұсқауларды қараңыз.
4. Құбыр кронштейнін құбыр ұзындығының жартысынан аздап асатын қашықтыққа құралдан ары қойыңыз. Төмендегі 3-суретті қараңыз.



3-СУРЕТ — ҚҰБЫРДЫ ТІРЕУ

5. Құбыр кронштейнін қадағаланатын нысанның бұрыштық күйі үшін шамамен $0-1/2^\circ$ -қа солға қарай орналастыру керек. Төмендегі 4-суретті қараңыз.



4-СУРЕТ — ҚАДАҒАЛАНАТЫН НЫСАННЫҢ БҰРЫШТЫҚ КҮЙІ

6. ҚҚР роликтерін пайдаланып, құбырда ойық кескен кезде, құбыр кронштейнінің биіктігін құбырды деңгейден төмен шамамен $1^\circ-1 1/2^\circ$ -қа ($1/4$ дюйм/фут немесе 20 мм/м) дейін орнату үшін реттеңіз. Жоғарыдағы 3-суретті қараңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Құбыр кронштейнінің биіктігі реттелген кезде, құбыр роликтерге салынуы керек. Құбырда түпнұсқалы (Pre-ETR) роликтермен ойық кескен кезде, $0^\circ-1/2^\circ$ -ты ($1/8$ дюйм/фут немесе 5 мм/м) пайдаланыңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Құбыр ұшының кеңеюін азайту үшін, құбыр кронштейнінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Мәліметтер алу үшін әрқашан қолданыстағы «Роликпен басып салынатын ойық сипаттамалары» кестесіне жүгініңіз.

Құбырға максималды рұқсат етілген саңылаудан асатын муфталар орнатылғанда, бұл корпустардың беткі қабатын жабуға кедергі келтіруі және/немесе мүліктің бүлінуіне әкелетін муфта төсеміне зақым келтіруі мүмкін.

1-КЕСТЕ — ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ҚҰБЫР ҰЗЫНДЫҚТАРЫ

Болаттан, тот баспайтын болаттан, алюминийден және ПВХ-дан жасалған құбыр өлшемі		Ұзындығы - дюйм/мм	
Номиналды құбыр өлшемі (дюйм немесе мм)	Нақты сыртқы диаметрі (дюйм/мм)	Минималды	Максималды
108,0 мм	4.250 108,0	8 205	36 915
4	4.500 114,3	8 205	36 915
41/2	5.000 127,0	8 205	32 815
133,0 мм	5.250 133,0	8 205	32 815
139,7 мм	5.500 139,7	8 205	32 815
5	5.563 141,3	8 205	32 815
152,4 мм	6.000 152,4	10 255	30 765
159,0 мм	6.250 159,0	10 255	30 765
165,1 мм	6.500 165,1	10 255	30 765
6	6.625 168,3	10 255	28 715
203,2 мм	8.000 203,2	10 255	24 610
216,3 мм	8.500 216,3	10 255	24 610
8	8.625 219,1	10 255	24 610
254,0 мм	10.000 254,0	10 255	20 510
267,4 мм	10.500 267,4	10 255	20 510
10	10.750 273,0	10 255	20 510
304,8 мм	12.000 304,8	12 305	18 460
318,5 мм	12.500 318,5	12 305	18 460
12	12.750 323,9	12 305	18 460
14 (OD)	14.000 355,6	12 305	16 410
377,0 мм	14.843 377,0	12 305	16 410
15 (OD)	15.000 381,0	12 305	16 410
16 (OD)	16.000 406,4	12 305	16 410
426,0 мм	16.772 426,0	12 305	16 410

Болаттан, тот баспайтын болаттан, алюминийден және ПВХ-дан жасалған құбыр өлшемі		Ұзындығы - дюйм/мм	
Номиналды құбыр өлшемі (дюйм немесе мм)	Нақты сыртқы диаметрі (дюйм/мм)	Минималды	Максималды
18 (OD)	18.000 457,0		
480,0 мм	19.000 480,0		
20 (OD)	20.000 508,0		
530,0 мм	21.000 530,0		
22 (OD)	22.000 559,0		
24 (OD)	24.000 610,0		
650,0 мм	26.000 650,0		
26 (OD)	26.000 660,0		
28 (OD)	28.000 711,0		
30 (OD)	30.000 762,0		
32 (OD)	32.000 813,0		
36 (OD)	36.000 914,0		

ЕСКЕРТПЕ.
Құбырда осы өлшемдер бойынша бүрлейтін роликтермен ойық кескен кезде, әрқашан құбыр кронштейнін пайдаланыңыз. Бұл өлшемдерде 18 дюймнен/460 мм-ден қысқа құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесуге БОЛМАЙДЫ.

1-кестеде көрсетілген минималды ұзындықтан қысқа болатын құбыр қажет болса, соңғыдан бұрынғы бөлікті соңғы бөліктің ұзындығы көрсетілген минималды ұзындықпен бірдей (немесе ұзындау) болатындай етіп қысқартыңыз. Төмендегі мысалды қараңыз.

МЫСАЛЫ: Бөлікті аяқтау үшін диаметрі 10 дюйм болатын 20 футтық, 4 дюймдік/6,2 м-лі болат құбыры қажет, бірақ 20 футтық/6,1 м-лі құбыр ғана қолжетімді.

Ұзындығы 20 футтық/6,1 м-лі және 4 дюймді/0,1 м-лі болат құбырында бүрлейтін роликтермен ойық кесудің орнына келесі қадамдарды орындаңыз:


1. 1-кестені қараңыз және диаметрі 10 дюймді құрайтын болат құбыры үшін роликпен басып салынатын ойықтың ең аз ұзындығы 10 дюйм/255 мм болатынын ескеріңіз.

2. 19 футтық, 6 дюймдік/5,9 м-лі және 10 дюймдік/255 мм-лі құбырларда бүрлейтін роликпен ойық кесіңіз. 13-беттегі «Ұзын құбыр ұзындықтары» бөлімін қараңыз.

ЦИЛИНДР ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕУ

Цилиндр жылдамдығының реттеуі болат құбырында бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін зауытта орнатылған. Болат құбырынан басқа, құбыр материалында ойық кескен кезде, цилиндр жылдамдығы қайта реттелуі керек.

1. Цилиндр жылдамдығын басқару клапанына сай келетін және зауытта орнатылған кілтті табыңыз. Бұл кілт құралдың сериялық нөмірімен белгіленген тегті қамтиды.



2. Кілтті цилиндр жылдамдығын басқару клапанына салып, құлыптан босату үшін бұраңыз.

3. Кілтті цилиндр жылдамдығын басқару клапанына салынғанда, тұтқаны «құлыпталғанша» бұраңыз. Цилиндр жылдамдығын басқару клапанын осы бетте көрсетілгендей қажетті параметрге реттеңіз.

4. Цилиндр жылдамдығы орнатылғаннан кейін, цилиндр жылдамдығын басқару клапанын өз орнына қайта құлыптап, кілтті алып тастаңыз. Кілтті құралдағы қауіпсіз жерде сақтаңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Цилиндр жылдамдығы жоғарғы роликтің ойық кесу жылдамдығына ғана әсер етеді. Бұл жоғарғы роликтің құбырға жету үшін қозғалыс жылдамдығына әсер етпейді, сондай-ақ, ойық кесілген соң роликтің құбырдан шығу жылдамдығына әсер етпейді.
- Ойықты кесу кезінде, цилиндр жылдамдығы құбыр саңылауына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Жоғарыдағы кестеде келтірілген параметрлер бойынша көп жағдайда сәйкес ойықтар кесіледі. Алайда, осы параметрлер бойынша шамадан тыс саңылау пайда болса, жағдайды түзету үшін параметрді азайтыңыз. Мысалы, VE424MC құралының көмегімен, саңылау 2,5 параметрге шамадан тыс болғанда, болат құбыры үшін цилиндр жылдамдығын басқару клапанын 1,5 немесе 2,0 мәніне реттеңіз.

Құбыр материалы	Цилиндр жылдамдығын басқару клапанының параметрі	
	VE424MC	VE436
Болат	2.5	3.5
Болат (AGS техникалық сипаттамаларына сәйкес ойық кесілген)	2.5	3.5
Тот баспайтын болат (304/304L және 316/316L түрлері)	1.5	2.5
Тот баспайтын болат (AGS жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесілген 304/304L және 316/316L түрлері)	2.5	3.5
Алюминий (6061-T4 және 6063-T4 түрлері)	3.0	4.0
ПВХ	10.0	10.0

ҚҰБЫР ТҰРАҚТАНДЫРҒЫШЫН РЕТТЕУ


⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.


Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



VE424MC және VE436MC құралдарының құбыр тұрақтандырғышы қысқа және ұзын құбырларда 5–24 дюймдік NPS өлшемдері үшін құбырдың тербеліп кетуін болдырмауға арналған (26–36 дюймдік жинақ орнатылғанда, 18–36 дюймдік құбыр). Тұрақтандырғыш таңдалған құбыр өлшеміне және қабырға қалыңдығына реттелгенде, өлшемі мен қабырға қалыңдығы өзгеше құбырда ойық кесілмесе, ол қосымша реттеуді қажет етпейді. Өлшемі мен қабырға қалыңдығы бірдей құбырды тұрақтандырғышты шығармай-ақ құралға жылжытуға және одан шығаруға болады.



1. Құралдың өлшемі мен ойық кесілетін материал үшін құралға дұрыс роликтер жинағының орнатылғанына көз жеткізіңіз. Бүрлейтін роликтер құбыр өлшемі мен бөлшек нөмірі бойынша белгіленеді және құбыр материалы бойынша түстермен кодталады. Қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз.



2. Тұрақтандырғышты құлыптау тұтқасын босатыңыз. Рульдік доңғалақты пайдаланып, төменгі роликке салынған құбырды тазалау үшін тұрақтандырғыш роликті шығарып алыңыз.

3. Өлшемі сәйкес келетін және кестеге сай келетін құбырды бүрлейтін төменгі роликке салыңыз. Құбырдың ұшы төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Құбыр тікелей роликтің үстінде тұруы керек және бір немесе басқа жаққа қисайып кетпеуі керек.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ


- Тұрақтандырғышты құбырды солға және роликтердің ортасынан итеру үшін реттеуге **БОЛМАЙДЫ**. Құбыр ұшындағы саңылауы ұлғайтылған және роликтің қызмет ету мерзімі қысқарған жағдайда, құбыр солға және ортадан жылжытылады.
- Рұқсат етілген максималды саңылау өлшемінен асатын құбырдағы муфталар жинағы муфта корпустарының тиісті төсем жинағының және төсемнің бұрмалануына/зақымдалуына жол бермеуі мүмкін.

Құбыр барлық нұсқауларға сәйкес дайындалмаса, бұл дене жарақатының алынуына және/немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Түзетулер жасаған кезде, құбырды ұстауға **БОЛМАЙДЫ**.
- Құрал/құбыр қолданыста/қозғалыста болғанда түзетулер жасамаңыз.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



ДҰРЫС

ДҰРЫС ЕМЕС

5-СУРЕТ.

ҰСТАЛЫМДЫ БАСҚАРУ МҮМКІНДІГІН РЕТТЕУ



Ұсталымды басқару мүмкіндігінің реттеуі ойық диаметрінің тежеуіші гидравликалық цилиндрдің жоғарғы жағына тиген соң, құралдың құбырды бұруды жалғастыратын уақыттың ұзақтығын басқарады. Ұсталымды басқару таймері уақыт ауқымы мен құбыр өлшемінің параметрлері бойынша реттеледі.

Құбырдың тиісті өлшеміне реттелген кезде, ойық диаметрінің тежеуіші гидравликалық цилиндрге тиген соң, құбыр кем дегенде бір айналымға айналады. Бұл құбырдағы ойықтың бүкіл құбыр айналасында біркелкі тереңдікте болуын қамтамасыз етеді.

УАҚЫТ АУҚЫМЫ

Уақыт ауқымының параметрі таймердің жұмыс параметрлерін орнатады.

4. Рульдік доңғалақты пайдаланып, роликті құбырға аздап тигенше тұрақтандырғыш роликті ішке қарай жылжытыңыз. Тұрақтандырғышты құлыптау тұтқасын бекітіңіз. Дұрыс орналастыру үшін жоғарыдағы 5-суретті қараңыз.




5. Барлық түзетулерді аяқтап, құбырда ойық кесіңіз. 21-беттен басталатын «Ойық кесу операциясы» бөлімін қараңыз. Ойық кескен кезде, тұрақтандырғыш роликті бақылаңыз. Ол құбырға тиіп тұруы керек, ал құбыр жан-жаққа тербелмей біркелкі айналуы керек. Егер құбыр біркелкі айналмаса немесе жан-жаққа тербелсе, ойықты кесу әрекетін тоқтатып, тұрақтандырғыш роликті одан әрі қарай реттеңіз. Ойық кесу операциясын жалғастырыңыз және қажет болған жағдайда қосымша түзетулер енгізіңіз. Тұрақтандырғышты тым қатты ішке кіргізбеңіз, себебі ол құбырды солға және ортадан ары қарай жылжытады, бұл құбыр ұшындағы саңылаудың шамадан тыс болуына әкеледі.

1. Уақыт ауқымының параметрін реттеу үшін таймер деңгелегін ауқым параметрлері циферблатта көрінгенше, толықтай сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

⚠️ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Ауқым бұрандасы реттеу үшін №0 Phillips бұрағышын ғана пайдаланыңыз.

Бұл нұсқауды орындамасаңыз, бұранда басы зақымдалуы мүмкін.



2. Қажет болса, таймердің төменгі сол жақ бұрышында орналасқан уақыт ауқымының бұрандасын шкалада көрсетілген қажетті ауқымға бұрыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** VE424MC және VE436MC құралдары «SEC-10» күйінде зауытта орнатылған. Ауқым бұрандасы реттеу үшін №0 Phillips бұрағышын ғана пайдаланыңыз. №0 Phillips бұрағышынан өзге қандай да бір құралдар пайдаланылса, бұл бұранда басын зақымдауы мүмкін.


- 4–24 дюймдік құбыр өлшемдері үшін, таймер ауқымын «SEC-10» мәніне орнатыңыз
- 30–42 дюймдік құбыр өлшемдері үшін, таймер ауқымын «SEC-50» мәніне орнатыңыз

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Уақытты реттеу ауқымы ойық кесілетін құбыр өлшемі үшін дұрыс орнатылуы керек.

Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, ұсталым шамадан тыс немесе жеткіліксіз болуына әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде тереңдігі әркелкі, дұрыс емес ойық диаметрлері мен ойықтар пайда болады.

ҚҰБЫР ӨЛШЕМІ




1. Таймер дөңгелегін тиісті құбыр өлшеміне бұраңыз.

- 4–24 дюймдік құбыр өлшемі қара түспен белгіленген. Таймер ауқымының «SEC-10» мәніне орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- 30–42 дюймдік құбыр өлшемі қызыл түспен белгіленген. Таймер ауқымының «SEC-50» мәніне орнатылғанына көз жеткізіңіз.


ОЙЫҚ ДИАМЕТРІ ТЕЖЕУІШІНІҢ РЕТТЕУЛЕРІ

Ойық диаметрінің тежеуіші әрбір құбыр өлшемі немесе қабырға қалыңдығының өзгеруі бойынша реттеу керек. «С» деп белгіленген ойықтың диаметрі 65-беттен басталатын «Бұрлейтін роликпен ойық кесу сипаттамалары» бөлімінің астында берілген. Оған қоса, «С» өлшемдерін көрсететін жапсырма құралға жапсырылған.




НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Төмендегі түзетулерді жүзеге асыру үшін, Vicalic компаниясы материалы, диаметрі және қалыңдығы сәйкес келетін ойық кесілетін құбырдың бірнеше қысқа сынық бөліктерін қолдануды ұсынады. Сынық бөліктерінің 14-беттегі 1-кестеде көрсетілген ұзындыққа қатысты талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.



Тиісті диаметрге қол жеткізу үшін:

1. Ойық кесілетін құбырдың диаметрі мен қалыңдығын анықтаңыз.




2. Тереңдік шектегішінің құбыр өлшемінің көрсеткіші туралы жапсырмасында құбырдың сәйкес диаметрі мен қалыңдығын анықтаңыз. Оңай қарау үшін тереңдік шектегішін бұруға болады.

3. Тереңдік реттегішін бұрылмайтын етіп ұстаңыз. Ойық диаметрінің тежеуішін сағат тілі бағытымен бірнеше рет бұраңыз. Тереңдік реттегішінің жоғарғы шетін тиісті өлшемнің және кесте таңбаларының ең төменгі сызықтық күйімен туралаңыз.

4. Тереңдік реттегішін осы күйде құлыптау үшін ойық диаметрінің тежеуішін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.


НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Таңбалар болжалды ойық диаметрінің реттеуін қамтамасыз етеді және ойық диаметрінің дәл параметрлері болып табылмайды. Құбырдың сыртқы диаметрі мен қабырға қалыңдығының әртүрлі болуы ойық диаметрінің тежеуішін дәл калибрлеуге мүмкіндік бермейді.



5. Құбырды ұзындығы бойынша құбыр ұшын төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне қаратып, төменгі роликке салыңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ



Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат кезін өшіріңіз.


- Құбырды жүктеген/түсірген кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Жұмыс барысында қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және тұрақтандырғыш доңғалағынан алшақ ұстаңыз.
- Жұмыс кезінде құбырдың ұштарына немесе құрал айналасына немесе құбырға қолыңызды салмаңыз.
- Құбырда ойықты әрдайым САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН кесетін болыңыз.
- Осы нұсқаулықта берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.
- Бос киім, кең қолғап немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені киюші болмаңыз.



6. Сынамалы ойықты дайындаңыз. 21-беттен басталатын «Ойық кесу операциясы» бөлімін қараңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Кейде ойық кесу кезінде, ойық диаметрінің тежеуіші сәл жоғары және төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп, тізбекті ажыратып жіберуі мүмкін. Бұл қатты пісірілген қыртыстар немесе қатты дақтары бар құбырлар үшін қалыпты болып табылады.



7. Сынамалы ойық дайын болғаннан және құбыр құралдан алынғаннан кейін, ойық диаметрін («С» өлшемі) мұқият тексеріңіз. 65-беттен басталатын «Бұрлейтін роликпен ойық кесу сипаттамалары» бөлімін қараңыз. Құралмен бірге берілген стандартты құбыр таспасы «С» өлшемін тексерудің ең тиімді әдісі болып табылады. Бұдан басқа, осы өлшемді ойықтың ішіндегі екі жерден (бір-бірінен 90°) тексеру үшін штангенциркульді немесе тар жерге арналған микрометрді пайдалануға болады. Орташа көрсеткіш қажетті ойық диаметрінің сипаттамасына сәйкес келуі керек.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Дұрыс тіркелуін қамтамасыз ету үшін «С» өлшемі (ойық диаметрі) Victaulic компаниясының техникалық сипаттамаларына сәйкес болуы керек.

Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, дұрыс тіркелмеуі мүмкін, ал бұл дене жарақатының алынуына және/немесе мүлктің зақымдануына әкелуі мүмкін.

8. Егер ойық диаметрі («С» өлшемі) Victaulic компаниясының техникалық сипаттамаларына сәйкес келмесе, диаметр тежеуішін реттеу керек.

8a. Кішірек ойық диаметрін реттеу үшін, тереңдік реттегішін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз (құралдың жоғары жағынан қараған кезде).

8b. Үлкенірек ойық диаметрін реттеу үшін, тереңдік реттегішін сағат тілі бағытымен бұраңыз (құралдың жоғары жағынан қараған кезде).

ЕСКЕРТПЕ. Айналым ширегі кез келген жағдайда ойық диаметрін толық айналым бойынша 0.042 дюймге/1,1 мм-ге немесе 0.167 дюймге/4,2 мм-ге өзгертеді.

9. Басқа сынамалы ойықты дайындап, ойық диаметрін («С» өлшемі) жоғарыдағы 7-қадамда сипатталғандай тексеріңіз. Бұл қадамдарды ойық диаметрі сипаттамаға сай болмайынша қайталаңыз.

ОЙЫҚ КЕСУ ОПЕРАЦИЯСЫ РОЛИКТІ ҚҰБЫР ТІРЕГІМЕН ТІРЕЛЕТІН ҚҰБЫРДА ОЙЫҚ КЕСУ

⚠️ ҚАУІПТІ



- Электр тогына түсіп қалу қаупін азайту үшін, құралдың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіп, нұсқаулардың барлығын орындаңыз.
- Құралды пайдаланбас бұрын, осы нұсқаулықтың 3-бетіндегі «Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін қараңыз.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

⚠️ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бұл құралды осы нұсқаулықтың қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін FANA қолдану керек.


Осы нұсқау тиісінше орындалмаса, құралдың шамадан тыс жүктелуіне, оның қызмет көрсету мерзімінің азаюына және/немесе құралдың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

1. Ойықты кеспес бұрын, осы нұсқаулықтың алдыңғы бөлімдеріндегі барлық нұсқаулардың орындалғанына көз жеткізіңіз.


2. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).



3. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз.




4. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).



5. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ



Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.

- Құбырды жүктеген/түсірген кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Жұмыс барысында қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және тұрақтандырғыш доңғалағынан алшақ ұстаңыз.
- Жұмыс кезінде құбырдың ұштарына немесе құрал айналасына немесе құбырға қолыңызды салмаңыз.
- Құбырда ойықты әрдайым SAFAT ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН кесетін болыңыз.
- Осы нұсқаулықта берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.
- Бос киім, кең қолғап немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені киюші болмаңыз.




7. Оператор жоғарыда көрсетілгендей орналасуы керек.




6. Ұзындығы және қалыңдығы сай келетін құбырды бүрлейтін төменгі роликке салыңыз. Құбырдың ұшы төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне толықтай тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Қолдарыңызды құбырдан алыңыз.



8. Ойық кесу операциясын бастау үшін, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышыны басып, ұстап тұрыңыз. Сонда жоғарғы ролик құбырға тиіп тұрады. Төменгі ролик айнала бастайды да ойық қалыптасады.



9. Ойық кесу кезінде, құбыр айналғанда, құбырдың қадағалануын көзбен тексеріп шығыңыз. Құбырдың төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер құбыр төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне тиіп тұрмаса, құралды аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босату және одан аяғыңызды алу арқылы тоқтатыңыз. Құбырдың дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз (13-беттегі «Ұзын құбырлар» бөлімін қараңыз).




10. Ойық кесуді жалғастырғанда, ойық диаметрінің тежеуіші сәл төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп тұрады. Бұл түйіспе ойық кесуді аяқтау үшін құбырдың бір-үш айналымға айналуына мүмкіндік беретін таймерді іске қосады (17-беттегі «Ұсталымды басқару мүмкіндігін реттеу» бөлімін қараңыз). Құрал құбырды бірнеше секундтан кейін автоматты түрде босатады. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатып, одан аяғыңызды алыңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ


- Кейде ойық кесу кезінде, ойық диаметрінің тежеуіші сәл жоғары және төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп, тізбекті ажыратып жіберуі мүмкін. Бұл қатты пісірілген қыртыстар немесе қатты дақтары бар құбырлар үшін қалыпты болып табылады.
- Қысқа құбырдың дұрыс тірелгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ



- Құбырды құралдан шығарып алу үшін қолыңызды құбыр ұшының ішіне салуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Қолдарыңызды ойық кесетін роликтер немесе тұрақтандырғыш ролик аймағына салуға **БОЛМАЙДЫ**.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



11. Құрал құбырды босатқаннан кейін және роликтер айналуы тоқтатқаннан кейін, қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз). Құбырды құралдан шығарып алыңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Егер құбыр төменгі роликте тұрып қалса, қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріп (шығарып), «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз, содан кейін төменгі роликті «итеру» үшін қызыл «Тоқтату» тұтқасын жылдам басыңыз. Төменгі ролик итерілгенде, құбыр босатылады. Төменгі роликті «итерген» кезде, құбырды роликтерден шығарып алуға әрекет жасаманңыз.
- Ойық диаметрі құбырдың диаметрі мен қабырға қалыңдығы бойынша техникалық сипаттамаға сәйкес келуі керек. Ойықтарды сипаттамаға сай келетін қалпында сақтау үшін, ойық диаметрі тексерілуі және қажет болған жағдайда түзетілуі керек.

ҚЫСҚА ҚҰБЫРЛАРДЫ ОЙЫҚ КЕСУ



- Электр тогына түсіп қалу қауіпін азайту үшін, құралдың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіп, нұсқаулардың барлығын орындаңыз.
- Құралды пайдаланбас бұрын, осы нұсқаулықтың 3-бетіндегі «Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін қараңыз.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

САҚ БОЛЫҢИЗ


- Бұл құралды осы нұсқаулықтың қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін ҒАНА қолдану керек.

Осы нұсқау тиісінше орындалмаса, құралдың шамадан тыс жүктелуіне, оның қызмет көрсету мерзімінің азаюына және/немесе құралдың зақымдалуына алып келуі мүмкін.


1. Ойықты кеспес бұрын, осы нұсқаулықтың алдыңғы бөлімдеріндегі барлық нұсқаулардың орындалғанына көз жеткізіңіз.
2. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).



3. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз




4. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).




5. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ




Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.
- Құбырды жүктеген/түсірген кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Жұмыс барысында қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және тұрақтандырығыш доңғалағынан алшақ ұстаңыз.
- Жұмыс кезінде құбырдың ұштарына немесе құрал айналасына немесе құбырға қолыңызды салмаңыз.
- Құбырда ойықты әрдайым CAFAT ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН кесетін болыңыз.
- Осы нұсқаулықта берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.
- Бос киім, кең қолғап немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені киюші болмаңыз.




6. Ұзындығы және қалыңдығы сай келетін құбырды бүрлейтін төменгі роликке салыңыз. Құбырдың ұшы төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне толықтай тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Құбырды қоласты құралдармен тіреп тұрғанда, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басып, ұстап тұрыңыз. Жоғарғы ролик жылжытылып, құбырға тиіп тұрады.

7. КҚР роликтерін пайдалансаңыз (12-беттегі «Ескерту» бөлімін қараңыз), құбыр айнала бастағаннан кейін қолдарыңызды құбырдан алыңыз.



6-СУРЕТ.

8. Құбырдың қысқа бөлігінде түпнұсқалы (КҚР емес) төменгі роликтер (1-кестені және 14-беттегі ескертуді қараңыз) арқылы ойық кескен кезде, тартым күшін (жоғарыдағы 6-суретті қараңыз) жасау үшін құбырды оң қолыңызбен солға және төмен қарай тартыңыз. Құбырды көтеруге немесе оңға қарай итеруге **БОЛМАЙДЫ**, себебі құбыр қадағаланбай қалуы және роликтерден сырғып кетуі мүмкін. Құбырдың төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне қарап тұрғанына көз жеткізу үшін, құбыр айналғанда құбырдың қадағалануын тексеріңіз. Егер құбыр төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне тиіп тұрмаса, құралды аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босату және одан аяғыңызды алу арқылы тоқтатыңыз. Ойықты жаңа құбырда кесіп көріңіз және құбырды солға және төмен қарай қаттырақ тарту арқылы тартым күшін арттырыңыз.




9. Ойық кесуді жалғастырғанда, ойық диаметрінің тежеуіші сәл төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп тұрады. Бұл түйіспе ойық кесуді аяқтау үшін құбырдың бір-үш айналымға айналуына мүмкіндік беретін таймерді іске қосады (17-беттегі «Ұсталымды басқару мүмкіндігін реттеу» бөлімін қараңыз).

9a. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатып, одан аяғыңызды алыңыз.

9b. Құбырды ұстауға дайын болыңыз, себебі құрал автоматты түрде құбырды босатады. Құбыр құралдан шыққан кезде оны тіреп тұрыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ



- Құбырды құралдан шығарып алу үшін қолдарыңызды құбыр ұшының ішіне салуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Қолдарыңызды ойық кесетін роликтер немесе тұрақтандырғыш ролик аймағына салуға **БОЛМАЙДЫ**.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

НАЗАР САЛЫҢИЗ


- Кейде ойық кесу кезінде, ойық диаметрінің тежеуіші сәл жоғары және төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп, тізбекті ажыратып жіберуі мүмкін. Бұл қатты пісірілген қыртыстар немесе қатты дақтары бар құбырлар үшін қалыпты болып табылады.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ РОЛИКТЕР ЖИНАҒЫН АЛЫП ТАСТАУ


1. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).





2. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз.



3. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).




4. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.




5. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басыңыз. Ойық диаметрінің тежеуіші гидравликалық цилиндрге тиіп тұрғанда, қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз). Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатып, одан аяғыңызды алыңыз.




6. Сырғақ төсемін жоғарыда көрсетілгендей тікелей шығару арқылы алып тастаңыз.



7. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).



8. Сырғақты шығару (көтеру) үшін, «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.




9. Сырғақ толығымен шығарылған (көтерілген) соң, қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).



10. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ӨШІРУЛІ» күйіне бұраңыз.



11. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.). Кенеттен іске қосылып кетуін болдырмау үшін, ауыстырып-қосқышты «OFF» (ӨШІРУЛІ) күйіне бұрап құлыптаңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Victaulic компаниясы осы құлыптау механизмін қамтамасыз етпейді.



12. 1/4 дюймді гайка кілтін пайдаланып, төменгі роликті бекітетін 5/8 дюймді бұранданы және тығырлықты алып тастаңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.


Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Сегментті кілтекті жоғалтып алмаңыз. Сегментті кілтек төменгі білікте қалуы керек.
- Сегментті кілтекте зақым белгілері пайда болса, оны жаңа Victaulic кілтегімен ауыстырыңыз.




13. Төменгі роликті негізгі біліктен тартып шығарыңыз. Төменгі роликті құралдар шкафында сақтаңыз. Төменгі роликті қолмен шығарып алу мүмкін болмаса, әдеттегі тісті беріліс ағытқышын пайдаланыңыз. Сегментті кілтекті жоғалтып алмаңыз.



7-СУРЕТ.

14. $\frac{3}{16}$ дюймдік әмбебап гайка кілтін (жабдықталған) сыртқы әрбір бекіту бұрандасына жоғарыдағы 7-суретте көрсетілгендей салу арқылы жоғарғы роликті босатыңыз. Сыртқы әрбір бекіту бұрандасын шамамен $\frac{1}{2}$ айналымға босатыңыз.



8-СУРЕТ.

15. Әмбебап гайка кілтін сыртқы бекіту бұрандасына және әрбір ішкі бекіту бұрандасына жоғарыдағы 8-суретте көрсетілгендей толығымен кіргізіңіз. Ішкі әрбір бекіту бұрандасын екі айналымға босатыңыз.

16. Бұрын босатылған бұрандалардан 90° -та орналасқан қалған бекіту бұрандалары үшін 14–15 қадамдарды қайталаңыз.



17. Бір қолыңызбен жоғарғы роликті астыңғы жағынан тіреп тұрыңыз. Басқа қолыңызбен жоғарғы білікті сырғақтан жоғарыда көрсетілгендей шығарып алыңыз. Жоғарғы білік шығарылғанда, жоғарғы ролик қолыңызға түседі. Жоғарғы роликті құралдың оң жағынан алыңыз. Жоғарғы роликті құралдар шкафында тиісті төменгі роликпен бірге сақтаңыз.

РОЛИКТЕР ЖИНАҒЫН ОРНАТУ

ЕСКЕРТУ

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

ЖОҒАРҒЫ БІЛІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оператор құралда тұрыс жоғарғы біліктің орнатылғанын тексеруі керек. Әрбір жоғарғы білікте ұшына басылған бөлшек коды болады. Ойық кесу қолданысы үшін тиісті жоғарғы білікті пайдалану үшін төмендегі кестені қараңыз.

Құрал	Жоғарғы біліктің бөлшек коды
AGS немесе 26–36 дюймдік құбырда ойық кесу үшін ТҮРЛЕНБЕГЕН VE424MC құралы	4–24 дюймдік original groove system жүйесіне арналған R-105-424-VE0 үлгісі
AGS немесе 4–24 дюймдік original groove system жүйесі бойынша 26–36 дюймдік құбыр	4–24 дюймдік original groove system жүйесіне арналған R-135-424-MCN үлгісі AGS немесе 26–36 дюймдік original groove system жүйесіне арналған R-105-436-VE0 үлгісі
VE436MC	Барлық құбырларды дайындауға арналған R-105-436-VE0 үлгісі




1. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ӨШІРУЛІ» күйіне бұраңыз.



2. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.). Кенеттен іске қосылып кетуін болдырмау үшін, ауыстырып-қосқышты «OFF» (ӨШІРУЛІ) күйіне бұрап құлыптаңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Victaulic компаниясы осы құлыптау механизмін қамтамасыз етпейді.

3. Сәйкес бүрлейтін роликті таңдау үшін, қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз.




4. Жоғарғы біліктің мойынтіректерінің күйін тексеріңіз (алдыңғы және артқы мойынтіректер). Жоғарғы біліктің мойынтіректерін зақымданған немесе қатты тозған жағдайда ауыстырыңыз.




5. Роликтердің алдыңғы жағындағы белгілерге және түс кодтарына сүйене отырып, роликтердің дұрыс жинағын таңдаңыз. Қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз.



6. Алдыңғы беттегі кестеге сүйене отырып, тиісті жоғарғы білікті таңдаңыз. Орнату алдында біліктің барлық беттерін және ролик саңылауларын кірден және қабыршақтан тазалаңыз.




7. Жоғарғы роликті ролик белгілерін алдыңғы жағына қаратып, сырғаққа оң жағынан салыңыз.



8. Жоғарғы білікті сырғаққа және жоғарғы роликке және сырғақ мойынтіректеріне жоғарыда көрсетілгендей абайлап салыңыз. Біліктің алдыңғы және артқы мойынтіректерге жалғанғанын тексеріңіз. Білік жоғарғы ролик пен мойынтіректерден еркін өтуі керек. Білікті құралға күш салып итеруге **БОЛМАЙДЫ**.




9. Жоғарғы роликтер жинағының бұрандаларын жоғарғы біліктің алдыңғы жағындағы радиалды сызықтармен жоғарыда көрсетілгендей туралаңыз.



9-СУРЕТ.

10. Жоғарғы роликті жоғарғы біліктің алдыңғы шығыңқы жерлеріне қаратып ұстаңыз. Бекіту кезінде $\frac{3}{8}$ дюймдік әмбебап гайка кілтімен (жабдықталған) ішкі бекіту бұрандасын жоғарғы біліктегі бекіту бұрандасының саңылауына «байыптап көріңіз». Ішкі бекіту бұрандасын бекіту үшін әмбебап гайка кілті 9-суретте көрсетілген күйде болуы керек.




10-СУРЕТ.

11. Әмбебап гайка кілтінің жоғарыдағы 10-суретте көрсетілгендей күйде шығарып алыңыз. Сыртқы бекіту бұрандасын мықтап бекітіңіз.


12. Бекітіліп қойған бұрандалардан бөлек 90°-пен орнатылған қалған бекіту бұрандалары үшін 10–11 қадамдарын қайталаңыз. Осы бекіту бұрандаларының жоғарғы біліктің алдыңғы жағындағы радиалды сызықтармен тураланғанына көз жеткізіңіз.



13. Негізгі білікті тазалаңыз. Төменгі ролик орналастыратын негізгі біліктің бетіне майдың немесе майлағыштың жұқа қабатын жағыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Жұқа май қабаты келесі ауыстыру кезінде төменгі роликті оңай шығарып алуға мүмкіндік береді.



14. Төменгі роликті жоғарыда көрсетілгендей негізгі білікке орнатыңыз. Төменгі роликтің сегментті кілткекке сай келетініне көз жеткізіңіз.




15. Төменгі роликтің тығырығын және 5/8 дюймдік бұрандаманы орнатыңыз. 15/16 дюймдік гайка кілтін пайдаланып, бұрандаманы мықтап бекітіңіз.


16. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).



17. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз.



18. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).




19. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- Қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және тұрақтандырғыш доңғалағынан алшақ ұстаңыз.



20. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басып, бүрлейтін роликтер арқылы кесілген жоғарғы «ойықты» сырғақ жүріп жатқан кезде төменгі роликтің артқы таяныш ернемегімен туралаңыз. Жоғарғы


біліктің алдыңғы жағындағы тұтқаны басу немесе тарту арқылы жоғарғы роликті туралаңыз.




21. Сырғақ шамамен 1 дюймге/25 мм-ге жылжытылған соң және роликтер тураланған және тіркелген соң, қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).




22. Сырғақ төсемін құралға жоғарыда көрсетілгендей бекітіңіз.




23. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).



24. Сырғақты толығымен шығару (көтеру) үшін, «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.



25. Сырғақ толығымен шығарылған соң, қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).



26. Жоғарғы біліктің алдыңғы жағындағы майды жеткізетін келтеқосқышқа май жағу арқылы жоғарғы біліктің мойынтіректерін суретте көрсетілгендей майлаңыз. Тиісті майлағыш үшін 51-беттегі «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.

27. Осымен роликтер жинағын орнату аяқталды. Ойықты кеспес бұрын, осы нұсқаулықтың алдыңғы бөлімдеріндегі барлық нұсқаулардың орындалғанына көз жеткізіңіз.

**14–24 ДЮЙМДІК ҚҰБЫРДА ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН VE424MC
HEMECE VE436MC ҮЛГІСІН ADVANCED GROOVE SYSTEM (AGS)
ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ТҮРЛЕНДІРУГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР**

HEMECE

**26–36 ДЮЙМДІК ҚҰБЫРДА ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН VE424MC
HEMECE VE436MC ҮЛГІСІН ORIGINAL GROOVE SYSTEM
ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ТҮРЛЕНДІРУГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР**

ӨЗГЕРТІП ЖАБДЫҚТАУ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

ADVANCED GROOVE SYSTEM (AGS)
ЖҮЙЕСІНІҢ 14–24 ДҮЙМДІК
ҚҰБЫРЫНДА ОЙЫҚ КЕСУ
ЖИНАҒЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Саны	Сипаттамасы
1	14–24 дюймдік AGS роликтер жинақтарына және 26–36 дюймдік Original System роликтер жинақтарына арналған жоғарғы білік
1	14–24 дюймдік құбырда AGS жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша немесе 26–36 дюймдік құбырда Original Groove System жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған сырғақ
1	14–24 дюймдік құбырда AGS жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған роликтер жинағы
1	4–24 дюймдік құбырда Original Groove System жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған жоғарғы білік (Бұл жинақта берілген жаңа сырғақпен бірге қолданылады)
1	Құбырда AGS жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған құбыр өлшемінің көрсеткіші туралы жапсырма
1	Құбырда AGS жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған ойық диаметрінің сипаттамасы туралы жапсырма

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Advanced Groove System (AGS) жүйесінің 14–24 дюймдік тот баспайтын болат құбырында ойық кескен кезде, арнайы төменгі және жоғарғы роликтер қажет. Бұл талапты тапсырыста ойық кесілетін құбырдың өлшемі мен қабырғасының қалыңдығымен бірге көрсетіңіз.**

26–36 ДҮЙМДІК БОЛАТ ҚҰБЫРЫНДА
ORIGINAL GROOVE SYSTEM ЖҮЙЕСІНІҢ
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ
БОЙЫНША ОЙЫҚ КЕСУГЕ АРНАЛҒАН
ЖИНАҚТЫҢ ҚҰРАМЫ

Саны	Сипаттамасы
1	26–36 дюймдік Original Groove System роликтер жинақтарына арналған жоғарғы білік
1	26–36 дюймдік құбырда ойық кесуге арналған сырғақ
2	Құрал тіректері
2	Тұрақтандырғыш кеңейтімдері мен жабдығы
1	Original System жүйесінің 26–36 дюймдік құбырда ойық кесуге арналған роликтер жинағы

ЕСКЕРТПЕ. Original System жүйесінің 26–36 дюймдік тот баспайтын болат құбырында ойық кесуі үшін арнайы роликтер қажет. Бұл талапты тапсырыста ойық кесілетін тот баспайтын болат құбырының қабырға қалыңдығымен бірге көрсетіңіз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Жаңа сырғақты түрлендірген соң, 4–24 дюймдік құбырда ойық кесу үшін құралды алдыңғы сырғаққа қайтадан түрлендірудің қажеті жоқ. Жинақта берілген қосымша білік 4–24 дюймдік original groove system жүйесінің роликтерін пайдалануға мүмкіндік береді.**


ЖАПСЫРМАЛАРДЫ АУЫСТЫРУ

ADVANCED GROOVE SYSTEM (AGS) ЖҮЙЕСІНІҢ, 14–24 ДҮЙМДІК ҚҰБЫРЫНДА ОЙЫҚ КЕСУ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОСУҒА АРНАЛҒАН

ҚҰБЫР ӨЛШЕМІНІҢ КӨРСЕТКІШІ ТУРАЛЫ ЖАПСЫРМА



1. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ӨШІРУЛІ» күйіне бұраңыз.
2. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).



3. Алты қырлы гайка кілтін пайдаланып, тереңдікті калибрлеу гайкасындағы бекіту бұрандасын жоғарыда көрсетілгендей босатыңыз.




4. Тереңдікті калибрлеу гайкасын босатып, алып тастаңыз.




5. Тереңдік реттегішінің барабанын тереңдік реттегішінен алып тастаңыз.



6. Қолданыстағы құбыр өлшемінің көрсеткіші туралы жапсырманы тереңдік реттегішінің барабанынан алып тастаңыз.



7. Төсемнің бір бөлігін құбыр өлшемінің көрсеткіші туралы жапсырмадан алып тастаңыз. Жапсырманың тереңдік реттегіші барабанының саңылау ортасында қалатынына көз жеткізіп, тереңдік реттегішінің барабанында жаңа жапсырманы бастаңыз. Құбыр өлшемінің көрсеткіші туралы жапсырмадан төсем қалдықтарын алып, жапсырманы тереңдік реттегішінің барабаны айналасында орауды аяқтаңыз.



8. Тереңдік реттегішінің барабанын тереңдік реттегішіне қайта салыңыз.



9. Тереңдікті калибрлеу гайкасын қайта орнатыңыз. Тереңдікті калибрлеу гайкасын толығымен бекітуге БОЛМАЙДЫ. Тереңдік реттегішінің барабаны оңай айналуы керек. Тереңдік реттегішінің барабаны қиындықпен айналса, тереңдікті калибрлеу гайкасын толық айналыммен бұрап шығарыңыз.



10. Жинақта берілген алты қырлы гайка кілтін пайдаланып, тереңдікті калибрлеу гайкасындағы бекіту бұрандасын бекітіңіз.

ОЙЫҚ ДИАМЕТРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАПСЫРМА

Жинақта берілген ойық диаметрдің сипаттамасы туралы жаңа жапсырманы ойық диаметрдің сипаттамасы туралы алдыңғы жапсырмалар бекітілген құралдың алдыңғы жағына бекітіңіз. 14-24 дюймдік құбырда Advanced Groove System (AGS) жүйесінің техникалық сипаттамаларына сәйкес ойық кескен кезде, осы жапсырманы және 69-беттен басталатын ойық кесу бойынша кестелерді қараңыз.

14-24 ДЮЙМДІК ҚҰБЫРДА ADVANCED GROOVE SYSTEM (AGS) ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН


НЕМЕСЕ 26-36 ДЮЙМДІК ҚҰБЫРДА ORIGINAL GROOVE SYSTEM ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН

VE424MC ORIGINAL GROOVE SYSTEM ЖҮЙЕСІНІҢ БӨЛШЕКТЕРІН АЛУ


1. Жоғарғы және төменгі ойық кесу роликтерін алып тастаңыз. 26-беттен басталатын «Қолданыстағы роликтер жинағын алып тастау» бөлімін қараңыз.
2. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).




3. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз.



4. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).



5. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.



6. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басыңыз. Сырғақ ең төменгі күйіне жылжытылғанда, қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз). Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатып, одан аяғыңызды алыңыз.



7. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ӨШІРУЛІ» күйіне бұраңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.


Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.




8. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.). Кенеттен іске қосылып кетудің болдырмау үшін, ауыстырып-қосқышты «OFF» (ӨШІРУЛІ) күйіне бұрап құлыптаңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Victaulic компаниясы осы құлыптау механизмін қамтамасыз етпейді.




9. Цилиндрдің артқы жағында орналасқан гидравликалық шлангілерді ажыратыңыз. Гидравликалық сұйықтықтың жылыстауын болдырмау үшін, шланг пен цилиндр саңылауларының ұшын тығынмен немесе қақпақпен жабыңыз. Құрал жылдам жалғағыштармен жабдықталған болса, ұштарды жабудың қажеті жоқ.




9а. Цилиндрдің жоғарғы жағындағы жерге тұйықтау сақинасынан сымды ажыратыңыз.




12. Екі бұранданы алып тастау арқылы жоғарғы білік серіппесін алып тастаңыз.




10. Цилиндрді орнату блогынан басы цилиндрлі және алты қырлы ойығы бар сегіз бұранданы алып тастаңыз.



13. Сырғақты бұрап, бекіту бұрандасын екі толық айналымға босатыңыз.



11. Цилиндр мен сырғақ жинағын тікелей жоғары және сыртқа қарай көтеру арқылы құралдан шығарып алыңыз. Цилиндрді және сырғақ жинағын бетін төмен қаратып жұмыс бетіне қойыңыз.




14. 1 ½ дюймдік ұшы ашық гайка кілтін цилиндр білігінің жазықтықтарына сырғақтың дәл үстіне қойыңыз. Сырғақты біліктен толығымен шығарып алу үшін, оны сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Біліктегі және сырғақтағы бұрандаларды зақымдап алмаңыз.


14–24 ДЮЙМДІК ҚҰБЫРДА ADVANCED GROOVE SYSTEM (AGS) ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНИКА- ЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ БОЙЫНША

НЕМЕСЕ 26–36 ДЮЙМДІК ҚҰБЫРДА
ORIGINAL GROOVE SYSTEM ЖҮЙЕСІНІҢ
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ
БОЙЫНША ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН


ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН ЖИНАҚ КОМПОНЕН-
ТЕРІН VE424MC ҮЛГІСІНЕ ОРНАТУ




1. Үлкенірек (тереңірек) сырғақты (жинақпен бірге берілген) біліктегі шығыңқы жер сырғақтың жоғарғы жағына тигенше цилиндр білігіне сағат тілімен бұрап салыңыз. Бекіту кезінде, 1 ½ дюймді ұшы ашық гайка кілтін тегіс бөліктеріне орналастыру арқылы цилиндр білігінің айналуына кедергі жасаңыз.




2. Бекіту бұрандасын мықтап бекітіңіз.




3. Сырғақты жоғарғы біліктің серіппесі гидравликалық қосылыстармен бірдей жақта болатындай етіп айналдырыңыз. Жоғарғы біліктің серіппесін екі бұрандамен ауыстырыңыз.




4. Гидравликалық қосылыстарды артқы жаққа қаратып, жоғарғы сырғақты және цилиндрлер жинағын құралдың бас жақ корпусына орнатыңыз.



5. Цилиндрді гидравликалық қосылыстар артқы жаққа қаратылғанша айналдырыңыз. Басы цилиндрлі және алты қырлы ойығы бар сегіз бұранданы орнату блогына салып, оны құралдың бас жақ корпусына бұрап кіргізіңіз. Осы бұрандаларды кезектес жақтарымен бекітіңіз.



6. Гидравликалық сызықтарды гидравликалық цилиндрдің артына қосыңыз.



6а. Сымды цилиндрдің жоғарғы жағындағы жерге тұйықтау сақинасына қосыңыз.

Құралды құбырда AGS техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге дайындаған жағдайда: Сырғақты ауыстыру кезінде, гидравликалық жүйеге еніп кетуі мүмкін ауаны шығару үшін, 49-беттегі «Ауа шығару» бөліміне өтіңіз.

Құралды 26–36 дюймдік құбырда ойық кесуге дайындаған жағдайда: Келесі «Құрал биіктігін реттеу және тұрақтандырғышты қайта орналастыру (26–36 дюймдік құбырда ойық кесу үшін қажет)» бөлімін негізге алыңыз.

ҚҰРАЛ БИІКТІГІН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНДЫРҒЫШТЫ ҚАЙТА ОРНАЛАСТЫРУ

(26–36 ДҮЙМДІК ҚҰБЫРДА ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН ҚАЖЕТ)

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

1. Құралды еденге бекітіп тұрған бұрандаларды бұрап шығарыңыз.




2. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.). Кенеттен іске қосылып кетуін болдырмау үшін, ауыстырып-қосқышты «OFF» (ӨШІРУЛІ) күйіне бұрап құлыптаңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Victaulic компаниясы осы құлыптау механизмін қамтамасыз етпейді.


НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Құрал қатты құбыр арқылы қуат көзіне қосылған болса, құбырды ажырату және қайта өңдеу үшін мүмкіндіктерді қазіргі уақытта қарастыру керек.


3. Жаңа құрал тіректеріне орын босату үшін құралды ары қарай жылжытыңыз.




4. Құралдың тіректерін (жинақта берілген) еденге, алдыңғы және артқы жағына түпнұсқалы анкерлі бұрандаларды қолданып бекітіңіз.



5. Құралды құрал тіректерінің үстіне қойыңыз. Құралды тіректерге $\frac{1}{2}$ — 13 x 3 дюймдік төрт бұранданы жинақта берілген тығырықтармен және гайкалармен бірге пайдаланып бекітіңіз.



6. Алты $\frac{1}{2}$ дюймдік тұрақтандырғыш бұрандасын және тоқтатқыш тығырықты алып тастау арқылы тұрақтандырғыш жинағын құрал бүйірінен шығарып алыңыз.



7. Алдыңғы тұрақтандырғыш кеңейтімін (жинақта берілген) қолданыстағы жабдықты қолданып, құралдың алдыңғы жағына бекітіңіз.



8. $\frac{1}{2}$ — 13 x 4 дюймдік екі бұранданы жинақта берілген тығырықтармен бірге пайдалану арқылы артқы тұрақтандырғыш кеңейтімін құралдың бүйіріне жоғарыда көрсетілгендей бекітіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралды орнату барысында бір адам құбыр тұрақтандырғышының жинағын қауіпсіз түрде көтере алмайды. Тұрақтандырғыш жинағын қауіпсіз түрде көтеру үшін екі адам қажет.
- Тұрақтандырғыш жинағын орнына көтеру үшін көтергішті қолданыңыз.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құралды орнату барысында бір адам құбыр тұрақтандырғышының жинағын қауіпсіз түрде көтере алмайды. Тұрақтандырғыш жинағының салмағына байланысты, оны қауіпсіз түрде көтеру үшін екі адам керек.
- Басқа жолы тұрақтандырғыш жинағын орнына көтеру үшін көтергішті қолдану болып табылады.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



9. Тұрақтандырғыш жинағын қайта бекітіңіз. Тұрақтандырғыш жинағын алдыңғы кеңейтімнің артына және артқы кеңейтімнің жоғарғы жағына орналастырыңыз. $\frac{1}{2}$ — 13 x 1 $\frac{1}{4}$ дюймдік үш бұранданы жинақта берілген тоқтатқыш тығырықтармен бірге орнатып, бекітіңіз. Тұрақтандырғыш жинағын артқы кеңейтімге бекіту үшін, қолданыстағы бұрандаларды және тоқтатқыш тығырықтарды пайдаланыңыз.

10. Егер құрал кіріс қуатынан ажыратылған болса, оны қайта қосыңыз.

11. Сырғақты ауыстыру кезінде, гидравликалық жүйеге еніп кетуі мүмкін ауаны шығару үшін, 49-беттегі «Ауа шығару» бөлімін негізге алыңыз.



ЕСКЕРТУ

- 26–36 дюймді роликтер жинақтарына арналған жоғарғы білік 26–36 дюймді құбырда ойық кескен кезде пайдаланылуы ТИІС.

Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, Victaulic техникалық сипаттамаларына кірмейтін құралдың зақымдалуына және/немесе ойықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

12. 30-беттен басталатын «Роликтер жинағын орнату» бөліміне сүйене отырып, бүрлейтін роликтермен бірге, өзгертіп жабдықтау жинағында берілген 26–36 дюймдік құбыр үшін жоғарғы білікті орнатыңыз.

13. 16-беттен басталатын «Құбыр тұрақтандырғышын реттеу» бөліміндегі нұсқауларды орындау арқылы құбыр тұрақтандырғышын реттеңіз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Бастапқы ойық тереңдігін орнату үшін, тереңдік реттегішін 24 дюймдік салмағы стандартты құбыр белгісіне орнатыңыз да, тереңдік реттегішін сағат тіліне қарсы бағытта толық бір айналым бұраңыз.
- Ұсталымды басқару мүмкіндігінің реттеу үшін көрсеткіні 30–36 күйіне орнатыңыз. Осы реттеуді 17-беттен қараңыз.

14. Құбырда ойық кесу үшін, 21-беттен басталатын «Ойық кесу операциясы» бөлімін қараңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚАУІПТІ



- Құралға қандай да бір түзетулер жасамас бұрын немесе техникалық қызмет көрсетпес бұрын, әрдайым құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз.


Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

Бұл бөлімде құралдарды қажетті жұмыс қалпында сақтау туралы және қажет болғанда жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты нұсқаулар беріледі. Жұмыс кезінде профилактикалық қызмет көрсету және жөндеу өз ақысын өтейтінін және жөндеуге жұмсалатын және операциялық шығындарды қысқартады.

Құралды дұрыс және қауіпсіз пайдалану үшін, қосалқы бөлшектерді Victaulic Tool Company компаниясынан тапсырыс беру керек.


МАЙЛАУ

1. 8 сағат жұмыстан кейін, құралды майлаңыз. Роликтерді ауыстырған кезде, әрқашан жоғарғы роликтің мойынтіректерін майлау керек.




2. Жоғарғы біліктің мойынтіректерін роликтерді ауыстырған сайын және


әр 8 сағаттық жұмыстан кейін майлаңыз. Баспақ майсауыт жоғарғы біліктің алдыңғы жағында орналасқан. Тиісті майлағыш үшін 51-беттегі «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.



3. Сырғақтың қысатын тақтайшаларын майлаңыз. Сырғақтың қысатын тақтайшасының баспақ майсауыты сырғақтың артқы жағында орналасады және құрал сорғышы ашық болған кезде қолжетімді болады.



4. Негізгі біліктің мойынтіректерін құралдың бүйірінде орналасқан фитинг арқылы майлаңыз.




5. Тұрақтандырғыш доңғалағын майлаңыз.

ТЕГЕРШІК РЕДУКТОРЫНЫҢ МАЙДЫ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ҚҰЮ

Тегершік редукторының май деңгейін жыл сайын тексеру керек. Егер сұйықтық ағып кететін болса, оны түзету үшін жөндеу жұмыстарын жүргізу керек.

1. Тегершік редукторынан май деңгейінің тығынын алып тастаңыз. Төмендегі 11-суретті қараңыз. Май деңгейі саңылаудың төменгі жағында болуы керек.



11-СУРЕТ.

2. Май құю үшін, тегершік редукторының жоғарғы жағындағы тығынды алып тастап, қажетті деңгейге дейін толтырыңыз (жоғарыдағы 11-суретті қараңыз). Тиісті майлағыш үшін тегершік редукторына бекітілген картаны қараңыз.

3. Тығын(дар)ды қайта орнатыңыз.

ГИДРАВЛИКАЛЫҚ МАЙДЫ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ҚҰЮ




1. Гидравликалық май деңгейін ай сайын тексеріңіз. Деңгей шаңның жоғарғы жағынан 1–2 дюйм/25–50 мм төмен болуы керек. Шаңды шамадан тыс толтыруға **БОЛМАЙДЫ**, себебі май жылудың ұлғаюына байланысты толып кетуі мүмкін. Тиісті гидравликалық май үшін 51-беттегі «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.


ГИДРАВЛИКАЛЫҚ МАЙДЫ ЖӘНЕ СҮЗГІНІ АУЫСТЫРУ

Гидравликалық май мен май сүзгісін жыл сайын немесе 2000 сағат жұмыс істеген сайын (бірінші орын алатын жағдайға байланысты) ауыстырыңыз.


1. Құралдың капотын көтеріңіз.




2. Май резервуарын рамада ұстап тұратын екі бұраңдаманы табыңыз.




3. Ағызу тығынына ең жақын орналасқан кронштейннің бұраңдаларын босатыңыз. Кронштейнді шешіп алып, оны бір жаққа қойыңыз.




4. Басқа кронштейнде, резервуардың үстіндегі бұраңданы босатыңыз және алыңыз. Кронштейнді жақтауға бекітіп тұрған бұраңданы босатудың қажеті жоқ.



5. Резервуардың үстінен құю мойны/желдету арнасының тығынын алып тастаңыз.



6. Резервуарды құралдың бүйір жағынан жартылай сырғытыңыз. Электрлік немесе гидравликалық желілерді АЖЫРАТПАҢЫЗ.




7. Ағызу тығынының астыңғы жағына контейнерді орналастырыңыз. Контейнердің 2 галлон/8 литр майды сыйдыру үшін жеткілікті мөлшерде екенін тексеріңіз.



8. Майды төгу үшін ағызу тығынын алыңыз.




9. Ағызу тығынын ауыстырыңыз. Резерварды орнына қайта сырғытып, кронштейндерді қайта бекітіңіз.




10. Науаны май сүзгінің астына орналастырыңыз. Май сүзгісін алыңыз.



11. Май сүзгісінің жаңа төсемін жаңа гидравликалық маймен майлаңыз. Сүзгіні маймен толтырыңыз. Жаңа сүзгіні қолмен бекітіп орнатыңыз.



12. Майды шаңның жоғарғы жағына 1–2 дюйм/25–50 мм жетпей тұратын деңгейде құйыңыз. 51-беттегі Тиісті «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.




13. Қую мойны/ауа тығынын орнатыңыз.

14. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).




15. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз.




19. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).

20. 49-беттегі «Ауа шығару» бөлімін негізге алыңыз.


АУА ШЫҒАРУ




16. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).




1. Гидравликалық бактан құю мойны/ауа тығынын алыңыз.




17. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.




2. Гидравликалық май деңгейін бактың жоғарғы жағына 1–2 дюйм (25–50 мм) жетпей тұратын деңгейде ұстаңыз. Тиісті гидравликалық май үшін 51-беттегі «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.



18. Гидравликалық жүйедегі май деңгейін тексеріңіз. Қажет болса, май құйыңыз.



3. Гидравликалық цилиндр саңылауының төменгі жағындағы ұшайырдан тығынды шығарып алыңыз.




4. Айдау құбырын ұшайырға жоғарыда көрсетілгендей орнатыңыз. Айдау құбырының басқа шетін гидравликалық бактағы құю мойнының/ауа арнасының саңылауына салыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Айдау құбыры ¼ дюймді керткігі NPT шлангі фитингісінен және ішкі диаметрі ¼ дюймді 4 футты/1,2 м-лі таза винил шлангіден (құралмен бірге жабдықталады) тұрады.


5. Құралдың негізгі қуат көзін қосыңыз (негізгі ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).



6. Құралдың бүйір жағындағы іске қосу ауыстырып-қосқышын «ҚОСУЛЫ» күйіне бұраңыз.




7. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын көтеріңіз (шығарыңыз).



8. «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз. Гидравликалық май ұшайырдан бастап, айдау құбыры арқылы және шаңға дейін аға бастайды.


9. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басып, оны 5 секундтай ұстап тұрыңыз, содан кейін 5 секундқа босатыңыз. Бұл қадамды анық винил құбыры арқылы ауа көпіршіктері көргенше қайталаңыз.



10. Қызыл «Тоқтату» тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).

НАЗАР САЛЫҢИЗ


- Айдау құбырын алып тастаған және тығынды орнатқан кезде, майдың ұшайырдан ағып кетуіне жол бермеу үшін: Ойық диаметрінің тежеуіші мен гидравликалық цилиндрдің жоғарғы жағы арасына ағаш кесегін салу арқылы ойық диаметрі тежеуішінің жылжып кетуіне жол бермеңіз.




11. Айдау құбырын алып тастап, тығынды ұшайырға орнатыңыз. **Тығынды ОРНАТҚАН КЕЗДЕ ҰШАЙЫРҒА АУАНЫҢ ЕНУІНЕ ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ (ТӨМЕНДЕГІ ЕСКЕРТУДІ ҚАРАҢЫЗ).**

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Айдау құбырын алған және тығынды орнатқан кезде, ұшайырға ауаның енуіне жол бермеу үшін: Клапан ұшындағы резеңке қапты басы арқылы 4 жүрісті клапанды «жылжытылған» күйде ұстаңыз. Тығын орнатылып, бекітілмегенше, резеңке қапты басулы күйінде ұстап тұрыңыз.



12. Гидравликалық цилиндр саңылауының жоғарғы жағындағы ұшайырдан ауаны шығару үшін 4–11 қадамдарды қайталаңыз. Айдау құбырын орнату үшін жоғарыдағы фотосуретті қараңыз.



13. Гидравликалық май деңгейін бактың жоғарғы жағына 1–2 дюйм (25–50 мм) жетпей тұратын деңгейде ұстаңыз. Тиісті гидравликалық май үшін 51-беттегі «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.

ҰСЫНЫЛАТЫН МАЙЛАҒЫШТАР

МОЙЫНТИРЕК ЖӘНЕ СЫРҒАҚ МАЙЛАҒЫШЫ

(Жалпы мақсаттарға арналған литий негізіндегі EP майлағышы)

Өндіруші	Өнім
BP Amoco	Energrease LC-EP2
Gulf Oil Corp.	Gulfcrown Grease EP#2
Lubriplate	No. 630-2
Mobil Oil Corp.	Mobilux EP2
Pennzoil Products Co.	Pennlith EP 712 Lube
Shell Oil Co.	Alvania EP2
Sun Refining	Sun Prestige 742 EP
Texaco Inc.	Multifak EP2

ТИСТІ БЕРІЛІС МАЙЫ

